

АННОТАЦИЯ

6D080200 «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша PhD дәрежесін алуға ұсынылған Ибраева Роза Магавияновнаның «Dinara-Ranch агрофирмасы» жағдайындағы әртүрлі генотипті етті бағыттағы ірі қара малдарының шаруашылықтық-құнды белгілерінің өзгергіштігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың аннотациясы.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстанның қазіргі аграрлық саясаты жағдайында етті ірі қара мал шаруашылығын дамыту басым бағыттардың бірі болып табылады. Бұл мәселе Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауларында бірнеше рет атап өтілген. Атап айтқанда, соңғы Жолдауларда отандық мал шаруашылығының өнімділігін арттыру, сапалы сиыр етін өндіру көлемін ұлғайту және оның экспорттық әлеуетін арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударылған.

Осыған байланысты әртүрлі генотипті етті ірі қара малдардың шаруашылыққа маңызды белгілерінің өзгергіштігін зерттеу — Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында белгіленген стратегиялық міндеттерге толық сәйкес келеді және отандық мал шаруашылығы мен ет саласын дамытудағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.

Елдің агроөнеркәсіптік кешенінің маңызды міндеттерінің бірі — мал шаруашылығы өнімдерін, әсіресе сиыр етін өндіру көлемін тұрақты арттыру. Сиыр еті өзінің биологиялық құндылығы бойынша адам ағзасы үшін толыққанды қоректенудің негізгі көздерінің бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда әлемнің көптеген елдерінде ет бағытындағы ірі қара малдың өнімділігін арттыруға бағытталған шаралар қабылдануда: дене бітімі ірі, етіндегі негізгі қоректік заттардың оңтайлы қатынасымен сипатталатын, өсу қарқыны жоғары жаңа тұқымдар мен типтер шығарылуда.

Мал шаруашылығын қарқынды дамытудың жеделдеу қарқыны мен болашақта етті ірі қара мал санының көбеюі оның генетикалық жақсаруын талап етеді. Сонымен қатар, ұзақ уақыт бойы жоғары салмақ қосуға қабілетті, етінде майдың мөлшері оңтайлы, салмақты ет түсіретін, жоғары репродуктивті қабілеті және жеткілікті сүттілігі бар жаңа ірі, бойы биік жануарлар генотипін қалыптастыру қажеттілігін туындатады.

Қазіргі заманғы мал шаруашылығы, оның ішінде етті ірі қара өсіру, өндірістің тиімділігіне, рентабельділігіне және сақтау жағдайларына төзімділігіне барған сайын жоғары талаптар қояды. Осындай жағдайда шаруашылыққа пайдалы белгілердің өзгергіштігінің маңызына ерекше көңіл бөлінеді.

«Dinara - Ranch» агрофирмасы әртүрлі генотипті етті ірі қара малын өсірумен белсенді айналысатын кәсіпорындардың бірі болып табылады. Әртүрлі генотипті жануарларды өсіру барысында олардың өнімділік көрсеткіштерінің өзгергіштігін зерттеу жүргізілуде.

Осылайша, бұл зерттеу практикалық жаңашылдығы мен ғылыми маңыздылығына ие, себебі оның нәтижелері нақты шаруашылық жағдайында етті ірі қара малдың өнімділігі мен төзімділігін арттыруға, тиімді селекциялық бағдарламаларды әзірлеуге, сондай-ақ ұқсас климаттық және өндірістік жағдайларда кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақстанның қазіргі агроөнеркәсіптік саласында етті ірі қара мал шаруашылығының ең маңызды бөлігі — жануарлардың өнімділігін арттыра отырып, шығындарды азайту болып табылады.

Малдың өнімділігін анықтайтын негізгі факторлардың бірі — жоғары генетикалық әлеуеті бар мал өсіретін шаруашылықтар.

«Dinara-Ranch» ЖШС — алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығы кәсіпорны ретінде әртүрлі тұқымдағы етті ірі қара мал өсірумен айналысады. Бұл өндірістік-климаттық жағдайларға сай әртүрлі генотиптегі жануарлардың өнімділік көрсеткіштерін салыстырмалы түрде зерттеуге бірегей мүмкіндік жасайды.

- Ең тиімді және бейімделген тұқымдарды анықтау;
- Ең өнімді және бейімделгіш тұқымдарды анықтау;
- Селекциялық-асылдандыру жұмысын жүргізу бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- Бордақылау мен жайылым тиімділігін арттыру;
- Генетикалық жақсартудың стратегиясын кеңейтуге негіз қалыптастыру.

Осылайша, нақты шаруашылық жағдайында әртүрлі генотиптегі етті ірі қара малдың шаруашылыққа маңызды көрсеткіштерінің өзгергіштігін зерттеу тек ғылыми тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар үлкен практикалық маңызға ие.

Қазіргі уақытта еліміздің агроөнеркәсіптік кешені алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі – сиыр етінің өндірісін арттыру. Етті, әсіресе сиыр етін өндіру көлемін көбейту үшін ірі қара мал тұқымдарының генетикалық әлеуетін пайдалану, берік азықтық база құру, мамандандыруды енгізу және өсіру әдістерін жетілдіру қажет.

Нарықтық қатынастар қалыптасып жатқан жағдайда биологиялық тұрғыдан құнды, бәсекеге қабілетті сиыр етін өндіруде басты рөл арнайы ет бағытындағы ірі қара шаруашылығына тиесілі. Қазақстан Республикасында ет бағытындағы ірі қара малдың ең көп таралған тұқымдарына қазақтың ақбас және геррефорд тұқымдары жатады. Бұл тұқымдардың ішінде ерекше орын алатыны – қазақтың ақбас тұқымы. Ол жергілікті қазақ және қалмақ сиырларын геррефорд тұқымымен қайтара будандастыру арқылы алынған.

Қазақтың ақбас тұқымды табындарында геррефордтармен будандастыру үнемі жүргізіліп отырады. Соңғы жылдары будандастыру үшін канадалық селекциядағы заманауи ірі денелі типтегі бұқалар кеңінен қолданылып жүр.

Алайда қазақтың ақбас және геррефорд тұқымындағы әртүрлі генотипті ірі қара малдарын будандастырудың тиімділігіне қатысты зерттеушілер арасында бірыңғай пікір жоқ. Осыған байланысты бұл мәселені оңтүстік өңірлерде, соның ішінде «Dinara-Ranch» агрофирмасында зерттеу – өзекті міндет болып табылады.

Зерттеу мақсаты.

«Dinara-Ranch» агрофирмасының жағдайында өсірілетін әртүрлі генотиптегі ет бағытындағы ірі қара малдың шаруашылыққа пайдалы белгілерінің өзгергіштік ерекшеліктерін анықтап, осы жағдайларға барынша бейімделген және өнімділігі жоғары тұқымдарды іріктеу болып табылады.

Зерттеу міндеттері:

1. «Dinara-Ranch» ЖШС-де етті ірі қара малды ұстау және азықтандыру жағдайларын талдау;
2. Әртүрлі генотиптегі малдардың өнімділік әдістерін зерттеу;
3. Шаруашылыққа пайдалы белгілердің өзгергіштік дәрежесін бағалау;
4. Салыстырмалы талдау жүргізіп, өнімділігі жоғары перспективалы генотиптерді анықтау;
5. Алынған нәтижелерді селекциялық-асылдандыру жұмысында қолдануға арналған практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектілері мен әдістері.

Ғылыми-өндірістік тәжірибе Алматы облысы, Балқаш ауданы, Оңтүстік Балқаш маңының құмды шөлейт жағдайында орналасқан «Dinara-Ranch» ЖШС-де жүргізілді.

Зерттеу нысаны ретінде ет бағытындағы ірі қара мал — қазақтың ақбас сиыры, герефорд тұқымы және олардың будандары (F1 ♂ герефорд × ♀ қазақтың ақбас сиыры) алынды.

Жұмыс барысында жалпы қабылданған әдістер қолданылды. Әрбір алынған нәтиже зоотехникалық және биохимиялық әдістер арқылы алынған эксперименттік деректермен дәлелденген.

Негізгі тұжырымдар:

1. Әртүрлі ет бағытындағы ірі қара мал тұқымдарының бастапқы табынының сипаттамасы;
2. Сиырлардың сүттілігі;
3. Көбею қабілеті;
4. Бұзау алу көрсеткіші және сақталу деңгейі;
5. Әртүрлі генотипті жас малдың тірілей салмағының туғаннан 18 айлық жасқа дейінгі өспіп-өзгеру динамикасы;
6. Ет өнімділігінің өзгергіштігін анықтау;
7. Әртүрлі генотиптегі бұқаларды өсірудің экономикалық тиімділігін анықтау.

Алынған нәтижелердің жаңашылдығын негіздеу және олардың практикалық маңыздылығы.

Ғылыми жаңалығы. Оңтүстік Балқаш маңының құмды шөл жағдайында алғаш рет «Dinara-Ranch» ЖШС-де әртүрлі генотипті етті ірі қара малдардың шаруашылыққа пайдалы белгілерінің өзгергіштігі салыстырмалы түрде зерттелді.

Ғылыми және практикалық маңыздылығы. Ет өнімділігін арттыру және сиыр етін өндірудің қосымша резервтері анықталды, бұл жем-шөп пен материалдық ресурстарды ұтымды пайдалану арқылы, сондай-ақ қазақтың ақбас сиырларын канадалық ірі денелі герефорд бұқаларымен будандастыру

арқылы алынған бұқаларды өсіру есебінен етті мал шаруашылығының рентабельділігін арттыруға мүмкіндік береді.

В.А. Вершининнің деректеріне сәйкес, канадалық герефорд бұқаларынан туған төлдер 15 айлық жасында таза тұқымды және герефордпен будандастыру арқылы алынған қатарларымен салыстырғанда тірілей салмақ бойынша тиісінше 7,8% және 5,0%-ға артық болған, ал ет өндіру рентабельділігі бойынша 18,9% және 11,3%-ға жоғары көрсеткіш көрсетті.

«Dinara-Ranch» ЖШС-де зерттеу нәтижелерін қолдану әртүрлі генотипті малдың ет өнімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік берді.

Диссертациялық зерттеулер нәтижелері зоотехния ғылымы мен практикасына нақты үлес қосады.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері бірнеше рет Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетте өткен «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің қазіргі жағдайы, даму перспективалары мен жаңғыртылуы» атты халықаралық ғылыми конференцияда баяндалды.

Жүргізілген зерттеулер барысында алынған нәтижелердің дәлдігі сертификатталған жабдықтарды және жалпыға ортақ әдістемелерді қолдану арқылы, сондай-ақ нәтижелерге объективті баға беру үшін жеткілікті көлемдегі мал басының экспериментке енгізілуімен, материалды вариациялық статистика әдісімен өңдеу арқылы және үш деңгейлі ықтималдықпен Стюдент кестесі бойынша айырмашылықтың дәлдік критерийін анықтау арқылы расталды.

Жұмыстың нәтижелері ғылыми басылымдарда жеткілікті түрде жарияланған.

Әрбір жарияланымды дайындауда докторанттың қосқан үлесі.

Эксперименттік және әдеби деректерді жинау, талдау, қорыту, нәтижелерді статистикалық өңдеу, иллюстрацияларды әзірлеу автордың жеке өзі тарапынан орындалды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ет өнімділігін арттыру мақсатында қазақтың ақбас және герефорд тұқымдарын будандастыру арқылы бірінші буын будан бұқашықтары алынды. Сондай-ақ, төлдердің туғаннан бастап 18 айға дейінгі өсіп-жетілуі, сойыс массасы мен шығымы, ұша морфологиясы мен еттің сапалық көрсеткіштері анықталды, экономикалық тиімділік бағаланды.

Диссертациялық жұмыс материалдары бойынша 11 ғылыми мақала жарияланды, оның ішінде:

- 2 мақала — Scopus дерекқорында индекстелетін басылымдарда,
- 4 мақала — ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда,
- 5 мақала — халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында жарияланған.

Ғылымды дамыту бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Ғылыми-зерттеу жұмыстары 217-бюджеттік бағдарлама шеңберінде — «Мал шаруашылығын дамыту және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру, өңдеу, өткізу үшін жағдай жасау» тақырыбы бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері 2016–2019 жылдардағы «Оңтүстік Балқаш өңірінің құмды шөлейт жағдайында отандық және шетелдік ет бағытындағы ірі қара мал тұқымдарының өнімділігін арттырудың ғылыми негіздері» жобасы бойынша жылдық есептерге енгізілді.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі: Диссертация кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен (барлығы 148 атау), 29 кесте мен 32 суреттен тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 128 баспа бет, оның ішінде негізгі мәтін — 119 бет, қосымшалар — 9 бет.